ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ

ӘКІМДІГІ

АКИМАТ

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

13 сентября 2018 года

Шымкент қ.

№ 266

г. Шымкент

О переименовании акционерного общества «Национальная компания «Социально-предпринимательская корпорация «Шымкент»

В соответствии с Законами Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Указом Президента Республики Казахстан от 19 июня 2018 года №702 «О некоторых вопросах административно-территориального устройства Республики Казахстан», акимат Туркестанской области **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Переименовать акционерное общество «Национальная компания «Социально-предпринимательская корпорация «Шымкент» в акционерное общество «Социально-предпринимательская корпорация «Туркестан».

2. Государственному учреждению «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития Туркестанской области» принять необходимые меры, вытекающие из настоящего постановления.

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима области Тасжурекова Е.К.

Аким области **Ж. Туймебаев**

0000642

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ

ӘКІМДІГІ

АКИМАТ

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

2018 жылғы 13 қыркүйек

Шымкент қ.

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 266

г. Шымкент

«Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы», 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы» Заңдарына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы №702 «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» Жарлығына сәйкес Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Түркістан» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» акционерлік қоғамы болып қайта аталсын.

2. «Түркістан облысының кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Қ.Тасжүрековке жүктелсін.

Облыс әкімі **Ж.Түймебаев**

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІ АППАРАТЫ
КУЭЛАНДЫРУДЫ ҚАЙТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ БӨЛІМІ

0000640

«ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ
ИНДУСТРИЯЛДЫ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ДАМУ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА
И ИНДУСТРИАЛЬНО-ИННОВАЦИОННОГО
РАЗВИТИЯ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

17.08.2018 ж.
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ

№ 46 н/қ
город Шымкент

«Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 19 маусымдағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы» №702 Жарлығына, Облысы әкімдігінің 2009 жылғы 8 қаңтарындағы «Облыстық коммуналдық меншіктегі ұйымдарда акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және қатысудың мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану құқықтарын беру туралы» №3 қаулысына, Облыс әкімдігінің 2018 жылғы 13 қыркүйектегі «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының атауын өзгерту туралы №266 қаулысына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2018 жылғы 31 шілдедегі №Д-5729/27-4/613-И хатына, Түркістан облысы қаржы басқармасының 2018 жылғы 13 тамыздағы №14-11-06/1988 келісім хатына, «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Оңтүстік Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2011 жылғы 26 шілдедегі №153 бұйрығымен бекітілген, «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына келесі редакцияда қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. Осы бұйрық «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының жалғыз қатысушысының шешімі болып табылады және бұйрықпен туындайтын қажетті іс-шараларды А.Алдажаров (келісімі бойынша) заң талаптарына сәйкес атқарсын.

3. Түркістан облысы кәсіпкерлік және индустриялды-инновациялық даму басқармасының 2018 жылғы 14 тамыздағы «Шымкент» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №38 н/қ бұйрығының күші жойылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Қ.Сыдықовқа жүктелсін.

Басқарма басшысы **Ғ. Әубәкіров**

00000071